

## ҚАЗАҚ ТІЛІ

*Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.*

1. Орфографиялық нормаға сай жазылған сөз
  - A) ташшарған
  - B) сөзсіз
  - C) көзғарас
  - D) көмбеді
2. Көп мағыналы сөз қатысқан сөйлем
  - A) Ақадырда ойын-сауық кеш басталды.
  - B) Дәркен жиналыстың аяғына таман сөз алды.
  - C) Ақан домбырасын қағып-қағып жіберді.
  - D) Әли қалам мен қағазын қолына алды.
3. Екі сөздің бірігуінен жасалған сөздер
  - A) аң-таң, беті-қолы
  - B) сәттілік, жоқшылық
  - C) бірнеше, таңертең
  - D) етікші, ісмер
4. Сатылай қабысу арқылы жасалған тіркес
  - A) үш қабат үй
  - B) аяулы жан
  - C) мөлдір таза ауа
  - D) екеуі кездесті
5. Берілген сөйлемдегі үтір, сызықшаның қойылуына тән нұсқа  
*Үйлену оңай, – үй болу қиын.*
  - A) автор сөзі болғандықтан
  - B) бастауыш болғандықтан
  - C) диалогқа қатысушы сөзі болғандықтан
  - D) қарама-қарсы мәнде айтылғандықтан
6. Кейінді ықпалы бар сөз тіркесі
  - A) ұлттық сана
  - B) бас киім
  - C) сөнбес сезім
  - D) боз құнан
7. Әдемілік тақырыбына сай келетін мақал-мәтел
  - A) Қыз өссе – елдің көркі, гүл өссе – жердің көркі.
  - B) Қызы бар үйдің иті жатпас.
  - C) Қыздың өзі үйде, қылығы түзде.
  - D) Қыздың қырық жаны бар.

8. Зат есімнен жасалған сын есім
- A) табыскер
  - B) көшпелі
  - C) жасанды
  - D) қонымды
9. Матаса байланысқан сөз тіркесі
- A) екі жолаушы
  - B) торы жолақты
  - C) дала қоңырауы
  - D) жаңбыр жауды
10. Тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлем
- A) Ғимади ағайыңыз алма ағашы химиялық тыңайтқышсыз-ақ өсуге тиісті деп ойлайды (бұрын өсуші еді ғой); екеуі тағы да айқайласып қалады.
  - B) Ғимади ағайыңыз алма ағашы химиялық тыңайтқышсыз-ақ өсуге тиісті деп ойлайды (бұрын өсуші еді ғой), екеуі тағы да айқайласып қалады.
  - C) Ғимади ағайыңыз алма ағашы химиялық тыңайтқышсыз-ақ өсуге тиісті деп ойлайды (бұрын өсуші еді ғой): екеуі тағы да айқайласып қалады.
  - D) Ғимади ағайыңыз алма ағашы химиялық тыңайтқышсыз-ақ өсуге тиісті деп ойлайды, (бұрын өсуші еді ғой) екеуі тағы да айқайласып қалады.
11. Орфографиялық нормаға сай жазылған сөз
- A) оқыйды
  - B) көрігі
  - C) қиады
  - D) тоқыйды
12. Тұрақты тіркес қатысқан сөйлем
- A) Түнімен тұла бойы күйіп-жанып, көрер таңды көзбен атырды.
  - B) Жолға төрт қонып, шаршағанда алыстан ауылдың түтіні көрінді.
  - C) Жолдастары бір атқа мінгесіп кетті.
  - D) Осындай өжет жастарды Есенеі қатты ұнататын еді.
13. Тіркесу арқылы жасалған үстеулер
- A) түлкідейін, күні кеше
  - B) бұрын, бұрынырақ
  - C) ауызба-ауыз, ақшалай
  - D) күні ертең, таң ата
14. Жанама толықтауыш қызметіндегі сөйлем
- A) Мұндай қорлықты көрмеген қасқыр жанталасып тулап жатыр.
  - B) Шіріген тақтайдан жасалған есіктің жақтаулары желге төтеп бере алмады.
  - C) Қоянды қамыс өлтіреді, жігітті намыс өлтіреді.
  - D) Мен әжемді дүниедегі ең бақытты ананың бірі санайтынмын.
15. Тыныс белгісі қабаттасып қойылатын сөйлем
- A) Осындай да ашкөздік бола ма екен
  - B) Ғайниза жеңгей, қайдасың сүйінші! Сүйінші
  - C) Қандай айғақ таптыңыз
  - D) Енді Қоспанды қашан көреміз десеңші

16. *Болашақтың бастауы бүгіннен.*

Берілген сөйлемдегі баяндауыштың жасалу жолы

- A) Үстеу сөзден
- B) Зат есімнен
- C) Еліктеуіш сөзден
- D) Есімдіктен

17. Ауыспалы мағынада қолданылған сөйлем

- A) Бибігүл қоңыр дауысымен тыңдаушыларын баурап алды.
- B) Асыққанда қоңыраудың соғылуы ұзап кеткендей.
- C) Қоңыр көйлек киген қыз көз алдынан кетпей қойды.
- D) Көлден ұшқан қоңыр қаздарға қызыға қарады.

18. Ырықсыз етісі бар сөйлем

- A) Алғашқы жарыс ұйымдастырылды.
- B) Таң атқанша тарандық.
- C) Ол бәрінен жылдамырақ киінді.
- D) Сыныптасы эссе жұмысын жазысты.

19. Төл сөздің тыныс белгісі дұрыс қойылған сөйлем

- A) Артықбай «Байлық – бір жұттық, батыр – бір оқтық» деген сөз бар деп Есенейге қарады.
- B) Артықбай: «Байлық – бір жұттық, батыр – бір оқтық» деген сөз бар, - деп Есенейге қарады.
- C) Артықбай: - Байлық – бір жұттық, батыр – бір оқтық, деген сөз бар деп Есенейге қарады.
- D) – Артықбай «Байлық – бір жұттық, батыр – бір оқтық» деген сөз бар деп - Есенейге қарады.

20. Жалғаулықты ыңғайлас салалас құрмалас сөйлем

- A) Қоңырау соғылды, Жанар мұғалім сабақты бастап кетті.
- B) Салт аттылар өтіп кетті, бірақ Әбдірахман қарайлап ұзақ тұрды.
- C) Сіздің қолыңыз босай қоймас және бұл іс қолыңыздан келмес.
- D) Сен дайын ереже ұсынасың, мен оны орындаймын.

***Нұсқау:** Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі. Контексті мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.*

1. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарынан бастап газеттің болашағы журналистер қауымының алдына үлкен сұрау белгісін қойды. Газет тек қана жазуды тарататын құрал емес, үлкен бизнес түріне жатады. Ғаламдық экономикалық дағдарыс бұл көзқарастың шындық екенін дәлелдей түсуде. Өзін-өзі қаржыландырып, дамудың бірыңғай жолына түсіп алу нарықтық заманның заңдылығы.

2. Мәселенің ең үлкені газеттің тиражы екені сөзсіз. Тиражы неғұрлым көп болса – өмір сүруге кепілдік сол. Газеттің өткен тарихында ауыз толыра айтатын сөз жетерлік.

3. Халқымыздың саны артты дейміз. Солардың арасынан әдебиетке құлақ түріп, қызығатыны аз деп айтсақ, адам бойындағы ең асыл қасиет – гуманизмнің орны немен ауысып барады деген ой тумай ма? Жоғалған бос кеңістіктің орнын міндетті түрде басқа бір құндылық жайлайды. Жаңа дәуір адамдарының өміріндегі ол құндылық бүгінде ғаламтор желісі болып отыр. Ғаламтор – аты айтып тұрғандай, техникалық мүмкіндігі орасан зор әлемдік желі. Ғаламторда іздеген барлық ақпаратыңды таба аласың, дегенмен «ол рухани құндылықтың орнын баса ала ма?» деген ой туындайды. Бүкіләлемдік кеңістікті жаулаған ғаламтор желісін әлем халықтары бірдей пайдалануда. Оның адамға қаншама ғасырдан бері рухани азық беріп келе жатқан кітап, газет-журналдардың орнын баса алмайтынын сол желіні белсенді қолданушылардың өзі айтып жатыр емес пе?

4. Газеттердің де сайты ашылды, бірақ оқырмандарының қайсысы қай бағытқа жақын, қай оқырман қандай айдарды оқығанды ұнататынын нақты айқындап отыратын әлеуметтік зерттеу жоқ екендігі де газет болашағына әсер етіп отырған түйткілді мәселелердің бірі екені даусыз. Кезінде Мұстафа Шоқай «Яш Түркістан» журналы арқылы түркі тілді қандастардың басын қосуға тырысты емес пе? Сол кезде «Яш Түркістан» редакциясына келген толассыз хаттарды Мұстафа Шоқайдың өз мақаласына арқау етіп, үлкен мақтанышпен жазғаны бар.

5. Баспасөз – халықты рухани жағынан байыта отырып, үзіліп қалған байланыстарды жалғайтын, ел мен елдің арасындағы достық қарым-қатынасты орнатудың кепілі әрі жаршысы. Оны бүгінгі дамыған ғаламтор желісімен салыстыра алмаймыз, себебі ғаламторда ұлттық немесе этикалық сүзгінің болмайтыны ақиқат.

21. Мәтінде риторикалық сұрақ қолданылған азатжолдар қатары

- A) 3,4
- B) 2,5
- C) 1,3
- D) 5,4

22. Үшінші азатжолға сай ақпарат
- A) Барлық мәселе адамның өзінде
  - B) Ғаламтор – мүмкіндігі зор әлемдік желі.
  - C) Ғаламтордың адамға әсері төмен.
  - D) Түйткілді мәселелер шешілген
23. Газеттің таралуына кері әсер беретін фактор
- A) Сапасыз кітаптың шығуы
  - B) Газеттің аз тиражы
  - C) Қаржының аз бөлінбеуі
  - D) Журналдың аз шығарылуы
24. Мәтінде автордың қолданған тілдік оралымдары
- A) Фразеологизм сөздер
  - B) Мақал-мәтелдер
  - C) Тұрақты тіркестер
  - D) Экспрессивті-эмоционалды сөздер
25. Мәтінде көтерілген негізгі ойды ашатын сөйлем
- A) Газет тек қана жазуды тарататын құрал, үлкен бизнес түріне жатады, ғаламдық экономикалық дағдарыс бұл көзқарастың шындық екенін дәлелдей түсуде.
  - B) Баспасөз – халықты рухани жағынан байыта отырып, үзіліп қалған байланыстарды жалғайтын, ел мен елдің арасындағы достық қарым-қатынасты орнатудың кепілі әрі жаршысы.
  - C) Жоғалған бос кеңістіктің орнын міндетті түрде басқа бір құндылық жайлайды, жаңа дәуір адамдарының өміріндегі ол құндылық бүгінде ғаламтор желісі болып отыр.
  - D) Ғаламтор – аты айтып тұрғандай, техникалық мүмкіндігі орасан зор әлемдік желі. Ғаламторда іздеген барлық ақпаратыңды таба аласың.

*Нұсқау: Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.*

26. Буын үндестігіне сай жазылған нұсқа(-лар)
- A) емхана
  - B) балгер
  - C) өнерлі
  - D) анамдікі
  - E) балалар
  - F) әкеме
27. Берілген тұрақты сөз тіркесінің білдіретін мағынасы (мағыналары)  
*Жүрек жұтқан*
- A) үрейлі
  - B) батыл
  - C) ашулы
  - D) сенімді
  - E) ақылды
  - F) қырсық
28. Болжалдық сан есім(-дер)
- A) он бүтін оннан екі, үш
  - B) он-он бес, ондаған
  - C) жиырмадай, екілерде
  - D) отыз алты, бес-бестен
  - E) қырық бірінші, алтау
  - F) он шақты, сексен бес
29. Айқындауышы бар сөйлем(-дер)
- A) Тұңғыш оқу орны – ҚазПИ ашылды.
  - B) Әнші Ермек есімі әлемге әйгілі.
  - C) От жағуға қураған ағашты пайдалан.
  - D) Абай бұл сырды досына, Ерболға, сездірді.
  - E) Тоқтардың естелігін түгел оқыдық.
  - F) Бала туған жеріне қайтып оралды.
30. Тыныс белгілері дұрыс қойылған құрмалас сөйлем(-дер)
- A) Марал Ажарды күтпестен, асыға шығып кетті.
  - B) Екі нәрседен сақтан: жалған дастан, опасыз әйелден.
  - C) Қаланың қасында көз толатын табиғат – шалқар көл ғана.
  - D) Театрға кешікпей барғанда, қойылымға үлгеретін едің.
  - E) Күн кешкіріп кеткендіктен амалсыз, қонуға тура келді.
  - F) Әкесінің баласы: адамның дұшпаны.

31. Көп мағыналы сөз қатысқан сөйлем(-дер)
- A) Көйлектің етегі зерлі екен.
  - B) Таяқты дереу орнына қой.
  - C) Арман анасынан таяқ жеді.
  - D) Саналы ұрпақ өсіп келеді.
  - E) Орындықтарды санап ал.
  - F) Таудың етегінде бүлдірген көп.
32. Сын-қимыл үстеуі қатысқан сөйлем(-дер)
- A) Кенеттен қар жауды да, мал қораға әрең кіріп үлгерді.
  - B) Оқудағы білім деңгейі өте жоғары болған.
  - C) Немересі әжептәуір есейіп қалыпты.
  - D) Төрттөбеге шарасыздан келгені көрініп тұр.
  - E) Алыстағы қарлы сілемдер күнге шағылысады.
  - F) Лезде сұрапыл дауыл ышқына кеп соқты.
33. Төлеу сөз(-дер)
- A) Шыңғыс Қанғожаны тоқтатып, басқа күй тартуын өтінді.
  - B) Тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіровті білмейтін жан жоқ.
  - C) Б.Момышұлы ана сыйлаған адам, елдің де қадіріне жететінін айтты.
  - D) Академик қиыншылықпен күресе білу қажеттілігін түсіндірді.
  - E) М.Әуезовтың «Абай жолы» шыққанда Қаныш ерекше қуанды.
  - F) Шоқан түрлі ғылыми экспедицияларға белсене қатысты.
34. Құрмалас сөйлемдердің белгісі (белгілері)
- A) Айтылу мақсатына қарай бөлінеді
  - B) Құрамында бір ғана жай сөйлем болады
  - C) Тек жалқы есімдерден тұрады
  - D) Шылаулар арқылы байланысқа түседі
  - E) Біртұтас күрделі ойды білдіреді
  - F) Кем дегенде екі жай сөйлемнен құралады
35. Мақсат бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлем(-дер)
- A) Сөзді дұрыс бастау үшін, оны есіне түсірді.
  - B) Апасы келгенде, Асқар мен Ержан тыста еді.
  - C) Олар тысқа шықса, таң аппақ боп атқан екен.
  - D) Жұрт әңгіме қылар деп, үйден шықпады.
  - E) Жаңа талып қалғандай, сұлқ түсіп жатты.
  - F) Ойлай берсең, ой деген не қызыққа келер кез.